

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

10-СЫНЫП

Алматы
2019

**«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының авторы
С.А. Назарбаева**

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған**

Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. Джубатова Л.С., Әкімбаева Ж.Ж., Нуркеева С.С. / 10-сынып. – Алматы: «Бебек» ҰҒПББСО, 2019. – 98 б.

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОС!

«Өзін-өзі тану» пәніне арналған бұл дәптермен жұмыс жасауда рухани-адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің мағынасын теренірек ұғынатын боласын.

Дәптерде берілген сұрақтар мен тапсырмалар өзінді, өзгені, айналанды адамгершілік құндылықтар арқылы тануга жетелейді.

Дәптер сені ойландыратын сан түрлі сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады. Оларға жауап іздей отырып, адамгершілік қарым-қатынастың, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін түсініп, оны күнделікті өмірде қолдануға дағдыланасың.

Барлық іске ізгі ниетпен кіріссен, шығармашылық шаттығына бөленесін!
Таным жолындағы ізденісіне сәттілік тілейміз!

Іске сәт, жас дос!

І ТАРАУ ТАНЫМ ЖОЛЫНДА

1-2 сабактар АДАМ ДЕГЕН АРДАҚТЫ АТ

... Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын.

Абай

1-тапсырма.

Сөздер мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір терминнің өзіне сәйкес келетін анықтамасын сзызықпен бағыттаң көрсөт.

Ұғым	Анықтамалары
1. Адам	a) Ақылдылық, ойлылық. Адамға ғана тән қасиет.
2. Азамат	ә) Кіслілігі, адамгершілігі бар парасатты адам.
3. Азаматтық	б) Адамның адамға, қоғамға қарым-қатынасы барысында көрінетін жақсы қасиеті.

2-тапсырма.

Айналанда өзің «нағыз адам» деп санайтын жақындарың мен таныстарыңмен «Нағыз Адам болудың сырьы» тақырыбында әңгімелес. Ойынды қысқаша жазбаша түйінде.

3-тапсырма.

Сократтың «Адам – құл, өзін женіп ұстамаған» деген ойын тақырып етіп алып, эссе жаз.

4-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

3-4 сабактар АДАМНЫҢ ДУНИЕТАНЫМЫ ТУРАЛЫ

**Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз,
Ізгіліктен жасалмаса кеменіз.**

Рудаки

1-тапсырма.

Шәкәрімнің «*Өтірік ақиқаттан алыстатса, шындық ақиқатқа жақындатады. Ақылы мен ұжданы үйлесім тапқан адам өтірік айтпайды*» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, жаз.

2-тапсырма.

Төмөндегі сөз тірестерін қатыстыра отырып, «Не ексең, соны орасың!» немесе «Не іздесең, соны табасың» деген тақырыпта ойластырып, сахналаудың сценарийін жаз.

- Жақсылықты ойландар.
 - Жақсылықты айтындар.
 - Жақсылықты тыңдандар.
 - Жақсылықты көріндер.
 - Жақсы әрекет жасандар.

3-тапсырма. «Назары әдемінің ой-санасы әдемі келеді, ой-санасы әдемі адам өмірдің рақатын көреді» деген ойды басшылыққа алып, эссе жаз.

4-тапсырма. Өсиет әңгімені оқы. Мәтіннен адам ойы мен дүниетанымының өз өміріне және қоршаған ортасына тигізетін әсерін тауып, жаз.

Ауруханада бір бөлмеде уш адам төсек тартып жатқан екен. Ауруханага бірінші болып түскен адам терезенің қасына жатқызылып, екінші болып түскен – ортага, соңғысы – есік жаққа жатқызылыпты. Ортада жатқан кісі ұдайы бөлмедегі басқа науқастардың көңіл күйін көтергісі келіп жақсы әңгімелер айтатын еді. Бір күні терезе жақтағы науқасынан айызып, үйіне кетеді. Оның орнына ортада жатқан оптимист кісі жатқызылып, бөлмелеріне қосымша жаңа адам жатқызылады. Терезе жаққа көшкен ага енді терезеден көргендерін айтатын болды. Күнде жаңа, жақсы нәрсе көріп, оны қуана басқа науқастармен бөлісетін. Жол үстіндегі бақшаны, үлкен шынар ага штарды, жұмысқа асызып кетіп бара жатқан адамдарды, құстардың сайрауын, бұлдіршиңдердің ойынынмен қарсы жомталарады гүлдердің әсемдігін көркемдеп әңгімелейтін. Төсек тартып жатқан басқа науқастар әңгімелерін тыңдалап, оларды көз алдарында елестетуге тырысатын. Көп ұзамай оптимист ағаның әңгімелері арқасында аурухана бөлмесіндегі аурулардың көңіл күйлері жақсарып, әдетте іш пыстыратын уақыт та қызықты болып зымырай бастады.

Әңгімелерді тыңдалап, қызығып жатқан ортадағы науқас «шіркін, терезе қасында жатқан адамның орнына мен жатсам» деп ойлайтын. Бір күні оптимист науқас жазылып, үйіне кетеді. Оның орнына ортада жатқан науқас терезенің жанына жатқызылады. Ал ол болса терезеден оптимист әңгімелеген барлық кереметтерді көруге сабырсыздықпен асызып, терезеден сыртқа асызыс көз тастады. Ал терезенің арғы жағында қап-қара дуалдан басқа ешнәрсе жоқ еді... («Өмірге оң көзқарас». Өсиет әңгіме).

5-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

5-6 сабақтар

АДАМДЫҚ КЕЛБЕТ

**Адамдық борышын,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.**

Шәкәрім

1-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін «Мен» және «менікіне» топтастырып, жаз.

Сөздер мен сөз тіркестері: ақыл, рухани құндылықтар, қалдырыған ізгі ісі, өнері, еңбегі, мал, мүлік, қызмет, мамандық, үй, көлік, алтын, күміс, атақ-даңқ.

2-тапсырма

«Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

7-8 сабактар

... Жүргінің түбіне терең бойла.
Абай

1-тапсырма. Абайдың «Тіл жүректің айтқанына көнсө, жалған шықпайды» деген нақыл сөзін басыныштыққа алып эссе жаз.

2-тапсырма. Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген ойын басшылықта алып, төмендегідей қасиеттері бар адамдарды қатыстыра отырып, жағдаят ойластырып, сахналаудың ценарийін жаз.

- Адал адам.
 - Айлакер адам.
 - Ақылды адам.
 - Аңғал адам.
 - Атаққұмар адам.

3-тапсырма. «Ниет тұзу болса, іс те жақсы болмақ» тақырыбында эссе жаз.

4-тапсырма. Мәтінді оқып, ойды, сөзді, істі үйлесімге келтіріп, жақсылыққа бағыттаудың жолын жасап, жаз.

Бір күні бір адам данышпанга келіп, бақыттың жан болғысы келетінін және оған жету жолын іздең жүргенін айтады.

Сонда данышпан: «Біздің жсанымыз бес арықтан су ағып құйылып жатқан бір тоганға ұқсайды екен. Бірінші – сенің көздерің, сондықтан көзің тек қана жақсыны көрсін. Екінші – сенің аузың, ол тек қана шындықты, жақсы сөзді айтсын және тек адал, таза асты қанагатпен ішіп-жесін. Үшінші – сенің миң, әділетсіздік пен зұлымдықтан, менмендік пен өркөкіректіктен арылсын. Төртінші – сенің аяқтарың. Тек жақсы жолға бассын. Бесінші – сенің құлагасың. Сонда гана сенің арықтарыңың суы тұнық болып, жсаның мен жүрегің тазарады. Мен ешкімді бақытты ете алмаймын. Ол сенің өз қолыңды, өзіңді-өзі гана бақытты етесің», – депті.

5-тапсырма. «Ойы, сөзі, ісі ізгі жандар» тақырыбындағы дөңгелек үстел жоспарын құрып, жаз.

6-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

7-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарыңды белгіле.

1-тест

Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбак. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген ойына сенің көзқарасың?

A) Дұрыс айтады, ақыл, ғылым, ар, мінез адамның айнымас, мәңгілік серіктери.

Ә) Ақыл, ғылыммен озуга болатын шығар, ал «мінезben озу» дегенді туғсінбеймін.

Б) Қалай болса да, өмірде нәтижеге жетсең, сол маңызды деп ойлаймын.

2-тест

Адам дүниетанымы оның өмір сүруіне басшылық етеді, негіз болады.

A) Дүниетаным – адам санастың қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі болғандықтан, ол адамның өміріне негіз бола алады.

Ә) Адамның өмірі оның дүниетанымына ғана емес, ортасына да байланысты.

Б) Тұрмыс сананы басқарады, сондықтан мен бұл пікірмен келіспеймін.

3-тест

Адамның шынайы «Мені»:

A) Әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі.

Ә) Адамның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүние-мұлki.

Б) Адамың тілек-қалаулары.

4-тест

Өзіңмен үйлесімділікте өмір сүру үшін:

A) Даулетке кенелу, рақатқа бөлену керек.

Ә) Алдыңа мақсат қойып, мінез-құлқың, іс-әрекетіңді ерікті түрде бағыттап отыруың қажсет.

Б) Адамда «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрек» болуы шарт.

«Менің борышым» жобасының күнделігі

1-кезең

1. Жобаның мақсатын анықтап, оны жүзеге асыру жоспарын күр.

Жоба мақсаты

Жобаны жүзеге асыру жоспары

1-тапсырма. «Борыш», «міндет» деген не? тақырыбында жүргізілген зерттеу нәтижелерін жаз.

2-тапсырма. Тақырып бойынша жиналған дәйкесөздер мен нақты деректерді жаз.

3-тапсырма. Зерттеу барысында кездескен таныс емес сөздердің түсіндірмесін тауып жаз.

4-тапсырма. Жыл бойына «Әр күнде бір игі іс» мақсатымен әрекет етудің жоспарын жасап, жаз.

II ТАРАУ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ

9-10 сабактар АДАМНЫҢ ЖАН СҰЛУЛЫҒЫ

**Адам бойындағының бәрі – бет пішіні, киім киісі, жан дүниесі,
ақыл-ойы да сұлу болуға тиіс.**

Антон Чехов

1-тапсырма. В.Сухомлинскийдің «Адамның нағыз байлығы затта емес, ақыл-парасатта, рухани байлықта» деген ойын басышылыққа алып «Менің жан дүнием» тақырыбында эссе жаз.

2-тапсырма. «Сабактағы сабақ» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

11-12 сабактар
ТӘРБИЕДЕН – ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУГЕ

**... Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.**

Абай

1-тапсырма. «Адамға өзін-өзі тәрбиелу не үшін қажет?» тақырыбында сыныптастарыңың арасында жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша қорытындынды жаз.

2-тапсырма. «Мен кіммін? «Менің іс-әрекетімдегі немесе мінездің күлкімдағы жетілдіруді қажет ететіндер» тақырыбына төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, өзінді-өзің зертте. Бір құндік, бір апталық, бір айлық жоспарын жаса.

Не істеу керек?

Бұған қалайша жетуге болады?

Іске асырудың жолдары мен құралдары

Барлығы дұрыс орындалды ма?

Келесі жолы нені дәлірек істеген жөн?

3-тапсырма. Өсиет әңгімені оқындар. Өсиет әңгіменің астарынан нені аңғардындар? Мәтіндегі жағдайды адамның мінез-құлқымен, өмірімен байланыстырып, кестені толтыр.

Жолдан өтіп бара жатқан кездейсоқ біреу жібек пілләсіндең кішкентай тесікті, сол тесіктен шықпақ болып тырысып жатқан көбелекті көріп, ұзақ уақыт бақылап қарап тұрыпты.

Бірталай уақыт өтіп, көбелек күресе алмай қалғандай болды, ал кішкене тесік сол күйінде еді, үлкейген жоқ. Көбелек қолдан келгенінше барынша тырысқандай және бұдан былай ештеңеге шамасы келмей қалғандай болып көрінді.

Осыны бақылап тұрган адам көбелекке жәрдемдескісі келіп, қолына бәкі алып пілләні кесіп, кішкене тесікті кеңейтті. Көбелек бірден сыртқа шықты.

Бірақ оның денесі әлсіз, құаты жоқ, қанаттары қатаймаган, өзі де зорға жылжитын еді.

Адам көбелектің қымылын бақылап тұрып, сәлден соң-ақ көбелектің қанаты қатайып, ұшып кетер деп ойлады. Бірақ олай болмады. Көбелек өзінің әлсіз денесін жер бауырлап сүйретіп жүріп, қанаты жетілмеген күйде қалған өмірін өткізді. Ол сол бойы ұша алмады.

Олай болуының себебі: адам көбелекке жәрдем бергісі келіп, көбелек өзі кеңейтіп, ішінен ұшып шығуға тиіс кішкене тесікті кеңейтті, көбелектің денесіндең сұйықтар оның қанатын қатайтуға жұмсалатын еді, олай болмай қалды. Солай болғанда гана көбелек ұшып кететін еді. Жаратылыс солай: көбелек кішкене тесікті кеңейтіп, ұшып шығуға күш салу арқылы әбден шыңдалған, еркін өмірге әзір қалпында шығатын еді.

Өмірде бізге де нақ осындағы күш салуга тура келетін кездер бар.

Кім өмір сұруі тиіс болса, жолында кедергілер болады. Кедергі болмаса біз көп нәрседен құр қалар едік, ешуақытта қазіргідей күшті бола алmas едік. Біз ешуақытта биікке самзай алmas едік.

Мен өмірден күш сұрап едім, ал өмір мені күшті ету үшін қыындықтар берді.

Мен өмірден ақыл сұрап едім, ал өмір маган шешілуі тиіс мәселелер берді.

Мен өмірден байлық сұрап едім, ал өмір маган жұмыс істесін деп ақыл мен қуат берді.

Мен иғіліктер сұрап едім, өмір маган мүмкіндіктер берді.

Корқынышсыз өмір сұр, кедергілерді батылдықпен күтіп ал және оларды жене алатыныңды дәлелде. («Көбелектен алған сабак» Өсиет әңгіме).

Мәтін бойынша	Өмірмен байланыс

4-тапсырма. Жақсы қасиеттерді жетілдіру, кемшіліктерді жою, саналы және мақсатты іс-әрекет жасау, өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын жасап, жаз.

5-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

13-14 сабақтар **ӨНЕГЕЛІ ӨМІР**

**Назары әдемінің ой-санасы әдемі, ой-санасы әдемі
адам өмірдің рақатын көреді.**

Халық нақылы

1-тапсырма. Адам өмірінің қуанышты, мәнді, мағыналы болу жолдары мен себебін тауып, жаз.

2-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып қуанышты, мәнді, мағыналы өмірдің формуласын жаса.

Tиistі сөздер мен сөз тіркестері: дұрыс мақсат, түкым қуалауышылық, экономикалық ахуал, ішкі сенім, білім мен тәжірибе, мейірімділік, қайырымдылық, ақылдасу, адалдық, әр сәтті дұрыс пайдалану, дұрыс әрекет,

кеширімділік, жақсы әдемттер, шектен шықпау, құмарлықтарға шек қоя білу, қиянат жасамау, сабырлылық, табандылық, еңбекжорлық, жасампаздық.

3-тапсырма. Төмендегі қасиеттерді қатыстыра отырып, «Өмір мәні – ізгілік» тақырыбына шағын қойылым сценарийін жаз.

- ақниет;
 - адалдық;
 - азаматтық;
 - бауырмалдық.

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Ондағы өмірдің мәні мен мағынасы ашылған түйінді сөздер мен сөз қолданыстарын теріп жаз.

Шагын гана бір ауылда орта жастағы бір кісі дүкен ашып сауда жасамақ болады. Сөйтіп алға қойған жоспарын бастап та жібереді. Ол ақ көңіл, жайдарлы болғандықтан, ауылдың адамдарының бәрі оны жақсы көретін. Оның дүкеніне барып сауда жасайтын. Ауылдың тұрғындары тамыр-таныстарын да сол адамнан сауда жасауға кеңес беретін. Шаруасын кішігірім дүкеннен бастаған адам, бір жылдың ішінде әлемнің түкпір-түкпірінен сондай шағын дүкендер ашып тастайды. Бір куні ауыр науқастанып, бұл дүниеден өтерін сезген адам, артында қалған үш ұлын қасына шақырып:

– Ушеуіңнің біреуі барлық дүкендерімнің иесі болады. Мирасымды сөзан қалдырамын. Менің арттымнан қалған дүние-мұлкіме қайсысың лайықты екенін білу үшін ушеуіңе де жұз-жұз тыыннан беремін. Осы тыындарга бір зат алыңдар. Кешкісін келгенде алған заттарыңмен менің осы бөлмемді толығымен толтыруы керек. Шартым осы.

Ұлдары үлкен сауда орталығын басқару мүмкіндігінен айырылып қалуды ойлад, не істерлерін білмей қаттыabyржиды. Қалага барып ушеуі де долларын жаратты. Кешкісін әкелерінің қасына келген кезде, үлкен баласы:

– Досымның шаруашылығына барып екі қап сабан сатып алды – деді де, қаптарды ашып сабанды әр тарапқа шаша бастады. Алайда көп ұзамай сабандар еденге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Екінші баласы:

– Дүкенге барып екі жастық алды – деді де, жастықтарды сөгіп, ішінде жұнін бөлменің ішіне шашып тастады. Бірақ жұн де көп ұзамай жерге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Үшінші ұлы:

– Тынды ұсақтап, елу тынын мешітке бердім, жиырма тынын қайырымдылық қорға бердім, жиырма тынын да әлеуметтік жағдайы төмен отбасына бердім. Қалған он тынға екі нәрсе алды – деді де, қалтасынан сіріңке мен шырақты шыгарды. Бөлменің жарығын сөндіріп, шырақты жақты. Сабан мен жұнге толмаган бөлме аз уақыттың ішінде шырақтың нұрына бөленді.

Әкесі үшінші баласына риза болып:

– Мирасымды саған қалдырамын. Өйткені өмір сүрудің ең жақсы жолы – айналаңа жарық тарату, – деді. («Өмір сүрудің ең жақсы жолы». Өснег әңгіме).

5-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

15-16 сабактар
АДАМДЫҚ БОРЫШ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

**Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.**

Шәкәрім

1-тапсырма. Өзің «жақсы адам» деп санайтын адамдардың бірімен сөйлесіп, сұхбаттасып жақсы адамның бойындағы қасиеттерді байқап, анықтап, жаз.

2-тапсырма. «Адамдық борышқа – адалдық» немесе «Менің адамдық борышым» тақырыбында эссе жаз.

3-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдын	Мүмкін емес	Сабак болды

4-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарынды белгіле.

1-тест

Адамның ішкі дүниесін жақсартатын:

- A) Ізгілік.
- Ә) Өз жеке мақсатына ниеттеніп, іс-әрекет ету.
- Б) Табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марараптталуы.

2-тест

Адамға өзін-өзі тәрбиелеу не үшін қажет?

A) Адамның ойын, сөзін, ісін жүйелі түрде реттеп, жақсылыққа бағыттаң, бойындағы жақсы қасиеттерін жетілдіріп, кемшиліктерін жоюға деген саналы және мақсатты іс-әрекет жасау.

- Ә) Айнала қоршаган ортамен ортақ тіл табыса алу.
- Б) Жетістікке қол жеткізу.

3-тест

Қуанышты, мәнді, мағыналы өмір:

A) Өзгенің жетістігіне өз жетістігі мен игілік-бақытындаі қуанып, ар-ұят пен адамишылыққа жүргініп, адамдарга, қоршаган ортаға, еліне-жеріне ізгі ниетпен құрмет, жсанашырылық таныту, қогамға риясыз қызмет ету.

Ә) Адамдардың қажеттілігі: тамақ, киім-кешек, тұрғын үй, демалыс, көңіл көтеру, денсаулық сақтау.

- Б) Ақыл-ой арқылы мәдени, материалдық игілік жасау.

4-тест

Адамдық борыш:

A) Ар-ұят пен адамишылыққа жүргініп, ешкімге, ешнэрсеге қиянат жасамау, айнала қоршаган ортасына, бүкіл адам баласына, отбасына, Отанына адал қызмет ету.

- Ә) Жеке адамның кемелденген іс-әрекеті.

Б). Сыртқы жағдай мен әлеуметтік ортаның өзгеріп отыруына қарай бейімделіп тіршілік ету.

«Менің борышым» жобасы

2-кезең

1-тапсырма. «Қуанышыммен бөлісемін» акциясының жоспарын құрып, жаз.

2-тапсырма. Эр түрлі мамандық туралы ақпарат жинап, төмендегі кестені толтыр.

Мамандық атауы	Осы мамандық иесінің қоғамға игі қызметі жайлы мысалдар

3-тапсырма. Осы кезеңде орындалған іс-шаралар нәтижелерін сипаттап жаз.

**ІІІ ТАРАУ
ҚОҒАМДАҒЫ ӨМІР**

**17-18 сабактар
ОТБАСЫ АЯСЫНДА**

Отбасы – бақыт бастауы.

Халық нақылды

1-тапсырма. «Отбасы аясында» тақырыбына эссе жаз.

2-тапсырма. Отбасы құндылықтарының ұсынылып отырған тізбесімен танысып шық. Керек деп тапсан, тізбені толықтырып, маңыздылық дәрежесіне қарай бір бағанға тізіп жаз. Өз таңдауынды түсіндір.

- жалпы ортақ мұдделердің болуы
- отбасы мүшелерінің арасындағы өзара сыйластық
- бір-бірінің ісіне араласпау
- махаббат
- берілгендік
- отбасы мүшелерінің дербестігін сақтау
- материалдық молшылық
- руханилық
- ұлттық біртектілік
- айналасындағылардың көзімен қарағандағы ынтымақтастық
- тәртіп
- отбасы мүшелерінің әрқайсысының өз міндетін атқаруы
- бос уақытты бірге өткізу
- достары, туыстары мен әріптестері үшін – «ашық үй»
- көп бала
- жақсы денсаулық
- отбасы мүшелерінің арасындағы ынтымақтастық
- ата-ананың мызғымас беделі
- сенім
- өзара көмек ...

3-тапсырма. «Отбасым – менің тірегім» тақырыбында ризашылық шарасының сценарийін жаз.

4-тапсырма. Отбасы бақытының кілті неде екендігі туралы өз ойынды жаз.

5-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.


Білемін	Bіліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

19-20 сабактар МЕН СЕНИң ӨМІРІНДІҢ ЖАЛҒАСЫМЫН

Ата-ананың қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас.

Бауыржан Момышұлы

1-тапсырма. Интеллект-картада берілген Бенджамин Франклиннің ұлына арнаған моральдық ізгіліктердің тізбесімен танысып шық. Өзің ата-анаңмен (отбасы мүшелерімен, туыстармен) қарым-қатынаста қандай ізгіліктерді басшылыққа алатының туралы нақты мысал келтіріп жаз.



Бенджамин Франклін – АҚШ тарихындағы Тәуелсіздік Декларациясы, Конституция және Версаль бейбітшілік келісімі деген негізгі үш құжаттың барлығына өз қолын қойған жалғыз адам. АҚШ Тәуелсіздігі үшін курескен көшбасшылардың бірі.

2-тапсырма. Күнделікті өзінді-өзің тексеруді жүргізудің Бенджамин Франклин ұсынған келесі тәсілімен танысып шық. Мәтіннің соңындағы тапсырмаларды орында.

«Менің осы ізгілікті ұғымдарға дағылануды менгергім келді; осы мақсатта мен бірден бәрінің соңына түсемін деп бөлініп-жарылмай, белгілі бір уақыт аралығында тек бір белгіге көңіл бөлейін деп шештім; соңғы нәтижеде барлық ізгі қасиетті бойыма дарытқанша біреуін жақсы игеріп болғаннан кейіе екіншісіне ауысып отырмақпын. Пифагордың «Алтын өлең» жинағындағы ақыл-кеңестерге сәйкес күнделікті өзінді-өзің тексеру қажеттілігін мойындаі отырып, мен ол тексеруді қалай жүргізуің келесі тәсілін ойлан таптым.

Мен арнайы кітапша аштым да, оның бір-бір бетін ізгілік ұғымдарының әрқайсысына арнадым. Әрбір бетті қызыл сиямен бояп, әр аптаның жеті күніне сәйкес бағандар түздім, әр қатар аптаның әрбір күнінің бас әріптерімен белгіленді. Содан кейін көлденең қызыл сызықтар жүргізіп, әр жолдың басталуын ізгілік атауларының бастапқы әріптерімен таңбаладым. Осылайша бағанга сәйкес тармақталатын әрбір жолда мен тексеру талабына сай бір тәулікте атқарылған ізгілікті істерге нұқсан келтіретін әр жағдаятты қара қосарлы айқышып белгілеп отырдым. Менің басты назарға алғаным – апта ауқымында межеленген ізгілік міндеттемелерін берілген ретімен орындау. Міне, осылайша мен өз күнделігімдегі жолдарды айқыштардан бірте-бірте айыра тазартып, оның беттерінен ізгілікtenедегі төл табыстарымды зор қанагаттану сезімімен көремін. Ең соңында осындаі ізгілік тәрбиесінің бірнеше мектебінен өтіп, он бір апталық күн сайынғы өзінді-өзің тексеру нәтижесінен кейін жақсылықтар жаңбырымен жуылыш-шайылған жан сарайына үқсас таза кітапшаны көру бақытына ие боламын».

Осы еңбекте мен келесі ойымды түсіндіріп, әрі қараң дамытқым келеді: кемшиң қылыштар оларға тыйым салынғандықтан зиянды емес, шын мәнінде зиянды болғандықтан да оларға тыйым салынған. Адам табигатынан тікелей туындастып барып, мен осы түсініктемені түздім. Егер әрбір адам осы жалғаннан бақытты болып өтуді қаласа, ол ізгі ниеттілер қатарында жақсылық жасауга мүдделі болуы шарт. Мен жастардың көзін мына ақиқатқа жеткізуге талпынсам деймін: кедей адамды бақытқа бөлейтін ададық пен шынайылықтан асқан ұнамды ұлық қасиеттер жоқ. Өйткені, әлемнің әр алабынан әрқашан адаптацияларға мұқтаж бай саудагерлер, текті адамдар, мемлекеттер мен билеушілер көптеп табылады, ал адаптациялар өте сирек кездеседі.

- Орындалған жұмыс барысын жазып көрсет.
- Қандай нәтижеге қол жеткізгенің туралы сыйыптастарыңа баяндап бер.

3-тапсырма. Тәмсілді оқып, сұрақтарға жауап жаз.

Ары қарай не болады? (Тәмсіл)

Жас жігіт қуана келіп әкесіне:

*- Әке, менімен бірге қуан. Мен университетке түстім. Заңгер боламын!
Бақытымды таптым-ау!*

- Өте жақсы, ұлым,-деді әкесі, - сен енді көп оқитын боласың. Ары қарай не болады?

- Төрт жылдан соң университетті аяқтап, уздік диплом аламын.

- Одан ары қарай не болады?

- Содан соң мен бар күшімді жұмсан еңбек етемін, қорғауши болып жұмыс жасаймын.

- Содан соң ше?

- Одан соң үйленемін, отбасын құрамын, балаларымды тәрбиелеймін, оларға білім беремін және жақсы мамандық таңдауына көмек беремін.

- Содан соң?

- Жетістіктерге қол жеткізіп, зейнетке шығамын – балаларымның бақытына қуанып, тыныш өмір сүремін.

- Ары қарай не болады?

- Содан соң ба?-деп жас жігіт бір сәт ойланып қалады. - Иә, бұл өмірде ешкім мәңгі емес. Сондықтан барлық адамдар сияқты мен де өмірден өтермін.

- Содан соң не болады? – деп сұрады дірілге толы даусымен әкесі. – Қарагым, ұлым, содан соң не болады?

Ұлы ойланып барып, сенімсіздеу жауап берді:

- Әке, рахмет саған. Мен бәрін түсіндім. Мен ең бастыны ұмытқан екенмін...

•*Баласы нені ұмытты деп ойлайсың?*

•*Бұл сұраққа өзің қалай жауап берер едің?*

•*Тәмсілден өзің қандай ой түйдің?*

4-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.


Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

21-22 сабактар КӨШБАСШЫ БОЛУ

Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын.

Нұрсұлтан Назарбаев

1-тапсырма. Берілген интеллект-картыны пайдаланып, шынайы көшбасшының портретін жаз.



ШЫНАЙЫ КӨШБАСШЫ ПОРТРЕТИ

2-тапсырма. Төмендегі тізімді екі бағанға бөліп, бір бағанға басқаруышының, ал екінші бағанға шынайы көшбасшының іс-әрекетіне тән нәрсені жаз.

Басқаруышы	Көшбасшы

1. Әкім.
2. Жаңашыл.
3. Рухтандырады.
4. Жүктейді.
5. Өз мақсаттары бойынша жұмыс істейді.
6. Өзгелдердің мақсаттары бойынша жұмыс істейді.
7. Дәлелдемелерді пайдаланады.
8. Өзінің жеке тәжірибесін қолданады.
9. Идеалдары іс-әрекетке бастайды.
10. Шамдануы іс-әрекетке бастайды.
11. Жеке басының мұдделері бар.
12. Риясыз.
13. Сенеді.
14. Қадағалайды.
15. Кәсіби.
16. Энтузиаст.
17. Шешімдерді шындыққа айналдырады.
18. Шешімдер қабылдайды.
19. Исті дұрыс атқарады.
20. Дұрыс істі атқарады.
21. Сыйлы.
22. Ұнамды, құрметті.
23. Көру, елестету – іс-әрекет негізі.
24. Жоспар – іс-әрекет негізі.
25. Жүйені арқа тұтады.
26. Адамдарға сенеді.
27. Қозғалысқа серпін береді.
28. Қозғалысты қолдайды.

3-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, көшбасшылық туралы ойынды түйіндең жаз.

Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуга лайық. *Н.Ә.Назарбаев*

Лайықты көшбасшы өз адамдарын таниды және оларға анасынан артық ықылас білдіреді. *М.Л.Чиббер*

Мемлекетті басқаратын адам – халқын шын ықыласымен суюмен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт. *Конфуций*

Ел-жүртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті тұзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт. *Жүсіп Баласағұн*

4-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

23-24 сабактар
ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҚУАНЫШЫ

Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін!


Бауыржан Момышұлы

1-тапсырма. Өзің ұнататын мамандық бойынша «Көгамға адал қызмет ету кодексін» жасап, жаз.

2-тапсырма. Өзің болашақ мамандық таңдауды қалай жасайсың? Себептерін көрсетіп, кестені дәптерге толтыр. Себептің мазмұнын нақты және ашып жазуға тырыс.

Себептің аталуы	Себептің мазмұны
Жан қалауы	
Дарындылық	
Қызығушылық	
Қабілеттілік	
Мүмкіндік	
Еліктеушілік	
Басқа да себептер	

3-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



Көлденеңінен	Тігінен
<p>2. Білгірлік, байқағыштық, ізденімпаздық.</p> <p>6. Жақсы істерді атқару, елге, жүртқа жаңа серпіліс беретін идеяларды жүзеге асыру.</p> <p>7. Тұлғаның өзіне тән, қайталанбайтын ерекшелігі.</p> <p>8. Бір нәрсені білуге талпыну, талаптану, тырысу.</p> <p>9. Бүтіннің бөлшектерінің өзара үндесуін, белгілі бір тәртібін анықтайтын категория.</p>	<p>1. Қайталанбайтын тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары саладағы жаңалық ашатын іс-әрекет.</p> <p>3. Объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін ұғым.</p> <p>4. Адам бойындағы белгілі бір істі, тапсырылған міндетті орынданап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет.</p> <p>5. Адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті.</p>

4-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

5-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарыңды белгіле.

1-тест

Отбасы құндылықтарының бірі ретінде жалпы ортақ мұдделердің болуы шарт. Сен қалай ойлайсың?

A) Эрине, жалпы ортақ мұдделердің болуы - отбасын біріктіретін маңызды шарттардың бірі.

Ә) Меніңше, отбасы мүшелерінің әрқайсысы өзінің қамын ойлауы тиіс.

Б) Мүмкін, бірақ мен толық қосыла алмаймын.

2-тест

«Ата-ананың міндепі – тәрбиелу және жақсылыққа үйрету» деген ойға сенің көзқарасың?

A) Әр бала өзбетінше жақсы тәрбие алып, жақсылық жасауга талпынады емес не?

Ә) Бала тәрбиесімен мектеп айналысады гой. Ата-ананың міндепі-баланы материалдық жағынан қамтамасыз ету.

Б) Дұрыс айтады, әрбір ата-ананың басты міндепі- баласын тәрбиелу және жақсылыққа үйрету болып табылады.

3-тест

Шынайы көшбасшының іс-әрекетіне тән нәрселер:

A) Қозғалысқа серпін береді.

Ә) Жеке басының мұдделерін көздейді.

Б) Өзінің жеке тәжірибесін қолданады.

4 - тест

«Жасампаздықтың арқасында ғана адам өзінің шеткери деңгейінен асып түсіп, нормаға, қалыпқа сыймайтын құбылыстарға кенеледі» деген ойға пікірім.

A) Жоқ. Қазіргі жаһандану заманында олай деп айта алмаймын.

Ә) Иә, келісемін. Адамның күйін толығырақ кіргізетін оның табиғи, рухани жасампаздығы.

Б) Мүмкін. Бірақ толықтай қосыла алмаймын.

«Менің борышым» жобасы

3-кезең

1-тапсырма. «Мамандықтан бақытты неден таптыңыз?» тақырыбындағы шағын сұхбат сұрақтарын дайындалап жаз.

2-тапсырма. «Мамандықтан бақытты неден таптыңыз?» тақырыбында алған сұхбатыңың мазмұнын жазып, қорытынды жаса.

3-тапсырма. Кезең нәтижелерін сипаттап жаз.

IV ТАРАУ АДАМЗАТ ӘЛЕМІ

25-26 сабақтар АДАМ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТИКТЕ

**... Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, құғанға.
Әділет, шапқат¹ кімде бар,
Сол жарасар туғанға.**

Абай

1-тапсырма. «Компьютердің адам өміріндегі рөлі» тақырыбында нақты ақпараттар мен деректерге сүйене отырып, зерттеу-мақала жаз.


¹ Шапқат, мейірім.

2-тапсырма. Ақпарат көздерінен виртуалды өмір мен нақты өмір туралы ақпараттар жинап, қорытынды жаса. Ондағы мәселелерді аныктап, шешудің жолдарын тауып, жаз.

3-тапсырма. Құрбы-құдастарыңың арасында «Әлеуметтік желіні не үшін пайдаланам?» және «Әлеуметтік желідегі ақпараттардың «жақсы-жаман», «дұрыс-бұрыс» екенін қалай ажыратам?» тақырыбында жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды жаса.

4-тапсырма. «Ғаламтор кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында эссе жаз.

5-тапсырма. Рухани-адмгершілік мазмұндағы сайт ашатын болсан, оның құрылымы қандай болады? Сызып, көрсет.



6-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдын	Мүмкін емес	Сабак болды

**27-28 сабактар
ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ**

**... Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
жаны үшін адамшылық ар сатпайды.**

Шәкәрім

1-тапсырма. Еңбек туралы мақал-мәтелдерді оқып, ондағы түйінді ойды негіз етіп алып, «Абыройға бөлеген – адал еңбек» тақырыбында эссе жаз.

*Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер*

Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді.

Қолыма жұмыс бергенің – жсаныма тыныс бергенің.

*Алғыр жігіт ақылына қарай іс қылар,
Олақ жігіт оңай жұмысты күш қылар.*

*Істегенің еліңе жақсы,
Үйренгенің өзіңе жақсы.*

*Ынта болса адамда,
Қыын іс жоқ галамда.*

Көз қорқақ, қол батыр .

2-тапсырма Тоқтар Әубәкіровтың «Адам – өз тағдырының иесі. Гүліне қарма, түбіне қара, – дейді ғой. Жас кезімде әрдайым ізденіс үстінде жүретінмін. Бәрі ниетке байланысты екен. Бір нәрсенің соңына басыбайлы түссен, соның жемісін көресің» деген ойын басшылыққа алыш, «Адал еңбек – мұратыңа жеткізеді» тақырыбында әссе жаз.

3-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

29-30 сабактар
АДАМ – АДАМЗАТ АЙНАСЫНДА

... Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Абай

1-тапсырма. Сөзжұмбақты дұрыс шешсендер, ерекше торкөзден «Адам» сөзін оқуға болады. Тапсырманы орында.

1.							
2.							
3.							
4							

1. Бүкіл адам баласы.
2. Адам бойындағы таза ниет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттер.
3. Адамға тән ізгі қасиет-болмыс.
4. Адамдардың туыстық негізінде ғана емес, жалпы адами қасиет ретінде өзге жүрттарды бауырына тарта білу, оларды жақын санап қамқорлық көрсетуі.

2-тапсырма. Өсиет әңгімені оқындар. Ондағы кейіпкердің өз ойы, сөзі, ісіне қатынасын білдіретін сөздері мен істерін ірікте алыш, кестені толтыр.

Улken біr ақсақалдан біreу сұрапты:

- Ақсақал, бұрындары жасап әлі де өкінетін қатеңіз болды ма?

- Иә, деді ақсақал, кезінде улken қате жасаған едім, ол жүргегімді отыз жылдан астам күйдіріп келеді. Ол қатемді есіме алған сайын өзіме жер таптай қаламын.

Бәрі аң-таң:

- Қандай қате еді ол? Соңшалықты не жасаған едіңіз?

- Отыз жыл бұрын қаламызда улken өрт шыққан. Жанған базардың ішінде мениң де кішкентай дүкенім болатын. Ол кезде мен қала сыртында едім. Елдерден барлық көршилерімнің дүкендері жсанып, тек мениң гана дүкенім аман қалғанын естідім. Қуанып «шүкірлер болсын!» деп, құдайга шүкір еттім. Бірақ бірден жәбірленген басқа бауырларымды ұмытып, жеке басымның қамын ойлаганым үшін ұялдым. Дереу қатемді түсініп, өкінгенімнің белгісі ретінде дүкенімдегі барлық заттарды кедейлерге тараттым. Алайда уақыт өткенімен, сол кездегі біr мезеттік өзімішлік жүргегімде дақ болып қала берді, сол күнәнің өрті жүргегімде әлі де жсанып тұр, - деді. («Жасаған қатесі» өсиет әңгіме).

Кейіпкер	Iс-әрекеті	Менің ойым

3-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін толтыр.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

**31-32 сабактар
АР-ҰЖДАН – АДАМДЫҚ БЕЛІГІСІ**

**...Жайнар көңіл, қайнар өмір,
Ар ілімі оқылса.**

Шәкәрім

1-тапсырма. «Адамды түсіне қарап таныма, істеген ісіне қарап таны» деген тақырыпта жағдаят ойластырып, сахналау сценарийін жаз.

2-тапсырма. Шәкәрімнің «Адамдағы ынсап, әділет, мейірім – үшеуі қосылып ұждан деген ұфым шығады... «Адамшылық арым соны істеуді ұнатады» деген «ұжданың солай қылғанды ұнатады» дегендік болып шығады. Бұған нана алмаған адамның жүргегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жаңның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүргегін ешнәрсе қарайта алмайды» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқыладап, жаз.

3-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін қорытындыла.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды


**33-34 сабактар
ШЫГАРМАШЫЛЫҚ САБАҚТАРЫ**

**Басқаларды бақытты етуге тырыса отырып,
өз бақыттымызды табармыз.**

Платон

1-тапсырма. Сыныптағы «Асар» тобының жыл бойы атқарған ізгі істерінің қорытындысын сипаттап жаз. Жаз мезгілінде атқаратын іс-шаралардың жоспарын жаса.

2-тапсырма. Facebook, Instagram, Twitter желілерінде рухани-адамгершілік бағытындағы ашқан параптама жүргізілген саралықтардың қорытындысының диаграммасын сал түрінде көрсетіңдер. Осы параптамаларды ары қарай дамыту жоспарын жасап, жаз.



3-тапсырма.

Өз сүйіспеншілігінді кімге, неге білдірер едің?

Сүйіспеншілік сезімінді гұл кескінінде бейнелеп көрсет.

Гұл күлтешелеріне өз сүйіспеншілігінді кімге, неге арнайтыныңды жаз.

Суретті қып алып, өзің жақсы көретін адамыңа сыйла.





4-тапсырма. «Сабактағы сабак» кестесін қорытындыла.

Білемін	Біліп алдым	Мүмкін емес	Сабак болды

5-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарыңды белгіле.

1-тест

Адам виртуалды кеңістікті өз иғлігіне жарату үшін:

A) Нәкты ізгі мақсаттың болуы, жақсы мен жаманды, уақытша мен мәңгілікті ажырата алуы, өзіңе шек қою білу, виртуалды өмір мен нақты өмірде дұрыс таңдау жасай алуы тиіс.

Ә) Достарымен кеңесуі қажет.

Б) Виртуалды кеңістікке көп уақыт бөлуі керек.

2-тест

«Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» болса, адам қандай еңбекте болсын өзін де өзгелерді де қуанышқа бөлейді» деген ойға сенің көзқарасың?

A) Адамды «Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» қандай іс-әрекетте болса да оң нәтижеге жеткізеді.

Ә) Бүкіл адамзаттың иғлігі үшін өлишеусіз еңбек етіп, үлкен мәселелерді шешетін еңбек қуаныш әкеледі.

Б) Барлық еңбек түрі адамды қуанышқа бөлейтіні мүмкін емес.

3-тест

Адам адамзаттың бөлшегі екенін түсінесің бе?

A) Әрине, бізді қоршап тұрған шексіз кең, әрі мәңгі дүниенің бөлиегімін, бүкіл адам баласының бірімін.

Ә) Адамзат менсіз де шексіз.

Б) Жоқ. Мен өзімше әлеммін.

4-тест

Ар-ұждан дегенді қалай түсінесіндер?

A) Адамдардың сүйіспенишілікпен, қиянат жасамай өмір сүруі.

Ә) Адам бойындағы жағымды қасиет, оның қогамда қабылданған әден талаптарын мінсіз орындауы.

Б) Адамга тән ізгі қасиет, намыс, ұят. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі.

«Менің борышым» жобасы

4-кезең

1-тапсырма. «Игі істер күнтізбесін» толтыр.

Қыркүйек

Қазан

Караша

Желтоқсан

Қантар

Ақпан

Наурыз

Сәуіп

Мамыр

Маусым

Шілде

Тамыз

СӨЗЖҰМБАҚТАРДЫҢ ЖАУАБЫ

29-30 сабактар

1.	A	Д	A	M	З	A	T				
2.	A	Д	A	L	D	ы	K				
3.	A	Д	A	M	D	ы	K				
4.	B	A	у	ы	P	M	A	L	D	ы	K

23-24-сабактар

Көлденеңінен:

- 2 – тапқырлық;
- 6 – жасампаздық;
- 7 – даралық;
- 8 – ізденгіштік;
- 9 – үйлесімділік.

Тігінен:

- 1 – шығармашилық;
- 3 – құндылық;
- 4 – жауапкершілік;
- 5 – біліктілік.

Джубатова Л.С., Акимбаева Ж.Ж., Нуркеева С.С.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

Тетрадь для 10 класса общеобразовательной школы
(на казахском языке)

Суретшісі: У.Жубанышева